



«Бекітемін»

«Қазавиақұтқару» АҚ
Бас директоры

Жакенов Е.С.

2024 ж.

«Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1. Осы «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – тиісінше Саясат және Қоғам) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат мыналарды айқындайды:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
- 3) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер;
- 4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;
- 5) осы Саясатты сақтау үшін жауапкершілік.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Қоғамда комплаенс мәдениетті қалыптастыру, Қоғам мен оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мінез-құлық жоғары стандарттарына адалдығы, ашық және адал бизнес жүргізу, іскерлік беделді нығайту және Қоғамға деген сенімді арттыру болып табылады. Осы Саясат «Қазавиақұтқару» АҚ Әдеп және мінез-құлық кодексімен біріктірілген түрде қаралуы тиіс.

2. Қолдану саласы

4. Осы Саясат Қоғамның барлық қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

5. Қоғамның ОАБ (Оңтүстік аймақтық басқармасы) және БАБ (Батыс аймақтық басқармасы) осы Саясат негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саласындағы регламенттеуші мәселелерді міндетті түрде таныстыру

және мүлтіксіз сақтау қажет.

6. Осы Саясат бұдан әрі Қоғамның корпоративтік веб - сайтында орналастырылуы тиіс.

3. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг - Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғам қабылдайтын шаралардың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - Қоғам қызметінің оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

4) қауымдастырылған тұлғалар - Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшелері, агенттер, бірлескен кәсіпорындар бойынша әріптестер, Қоғам үшін қызмет көрсететін немесе оның атынан сөйлейтін филиалдар және өзге де тұлғалар;

5) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;

6) Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлға (бұдан әрі - Қоғамның лауазымды адамы) - Қоғамдағы ұйымдық - өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

7) «Қазавиақұтқару» АҚ және оның филиалдарының әдеп және мінез-құлық кодексі - корпоративтік мәдениетті дамытуға және Қоғамның беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, мінез-құлықтың негізгі қағидаттары мен стандарттарын белгілейтін Қоғамның ішкі құжаты;

8) мүдделер қақтығысы - лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

9) сыбайлас жемқорлық - Қоғамның лауазымды адамдарының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - ҚР заңнамасында

жауапкершілік белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

11) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі Қоғамның қызметі;

13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі Қоғамның қызметі;

14) қызметкерлер - Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғалар;

15) кандидаттар - Қоғамда ұйымдастырушылық - өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты лауазымға орналасуға үміткерлер болып табылатын адамдар;

16) жақын туыстары - ата-аналары (ата-ана), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немерелер;

17) жекжаттар - ата - анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, жұбайының (зайыбының) ата-аналары мен балалары;

18) лауазымды адамның отбасы мүшелері – жұбайы (зайыбы), ата-анасы, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты тұратын адамдар;

8. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласының мақсаты пен міндеттері

9. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша

азайту болып табылады.

10. Қойылған мақсатқа жету үшін осы Саясат мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Қоғамның қауымдастырылған, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті түсінуді қалыптастыру;

2) Қоғамға және оның қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

3) Қоғамның қауымдастырылған, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болғызбау жөніндегі барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;

4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

11. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** - Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықтан толық бас тарту қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Қоғамның атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін қауымдастырылған, лауазымды адамдар мен Қоғам қызметкерлері үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы белгілі бір елде бизнес жүргізу тәжірибесіне қарамастан сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **Жоғары басшылықтың міндеттемесі және «жоғарыдан тонды» орнату** - Қоғамның Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда шешуші рөл атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде бітіспес көзқарас туралы мәлімдеуге, осы қағиданы жеке мысалмен көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;

3) **қызметкерлердің тартылуы** - Қоғам өз лауазымды адамдары мен қызметкерлерін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

4) **жазаның бұлтартпастығы** - Қоғам атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өз лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан Қоғам қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

5) **осы Саясаттың заңдылығы мен ҚР қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі** - Қоғам ҚР және қызметті жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

6) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс - қимыл жөніндегі рәсімдердің пропорционалдығы** - Қоғам қоғам қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сәйкес Қоғамды, оның қауымдастырылған, лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

7) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** - Қоғам рәсімдерді іске асырудың қарапайымдылығын және елеулі нәтиже алуды қамтамасыз ететін рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындалатын етуге ұмтылады. Қоғам қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

8) **тиісті қарап – тексеру** - Қоғам іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықтан бас тартуы және мүдделер қактығысының болмауы тұрғысынан үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға кандидаттарды тексеруді жүзеге асырады;

9) **мониторинг және бақылау** - Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

10) **өзара іс – қимыл және үйлестіру** - Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен және Қоғамның қауымдасқан/үшінші тұлғаларымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты,

сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер

12. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес, жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ аталғандармен шектелмейді):

1) лауазымды адам сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету, егер бұл әрекеттер оның өзінің қызметтік жағдайын пайдалануына байланысты болса;

2) лауазымды адам жасаған қылмыстық жолмен алынған мүліктер, егер бұл әрекет өзінің қызметтік жағдайын пайдаланумен байланысты болса;

3) лауазымды адам жасаған экономикалық контрабанда, егер бұл әрекет оның өзінің қызметтік жағдайын пайдалануына байланысты болса;

4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

6) ара алу, пара беру, парақорлыққа делдалдық ету;

7) қызметтік жалғандық;

8) қызмет бойынша әрекетсіздік;

9) билікті асыра пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік;

10) алаяқтық;

11) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;

12) лауазымды адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;

13) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

13. Қоғам, оның қауымдасқан, лауазымды адамдары мен қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ Қоғам қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлайтын кез келген елдерде осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде Қоғам оның қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынатындығын негізге алады, сондай-ақ:

1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни кез-келген адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауға шақыру ниетімен кез-келген қаржылық немесе басқа пайда/артықшылық беру немесе уәде беруге;

2) пара беруді талап етуге, қабылдауға келісуге немесе қабылдауға, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық алуға келісуге немесе келісуге;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерді қоспағанда, төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе оңайлатқаны үшін сыйлықтар ұсынуға;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдер ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайда алу үшін Қоғамда жұмысқа орналасуды ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде), уәде беруге немесе ұсынуға;

6) қауымдастырылған/үшінші тұлғалардан асыра немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға жәрдемдесу;

7) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлылық белгілерін беруге немесе алуға.

14. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің кәсіби қызметінде келесі мінез құлық нормаларын қатаң сақтауы керек:

1) ҚР Заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындауға міндетті;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болуға, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген жосықсыз тәсілдерінен аулақ болуға;

3) Қоғамның беделін түсіруге кабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

4) Қоғамның қызметтік жағдайын, құпия және инсайдерлік ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбауға;

5) заңсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге;

6) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

7) Кәсіпкерлік қызметті және (немесе) табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге жәрдем көрсетуден қалыс қалуға;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуге және мұндай әрекеттерді көтермелемеуге;

9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмауға;

10) Қоғамның жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуге;

11) өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағыныстағы лауазымдарды

атқармауға, сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысындағы лауазымдарды атқармауға міндетті.

Осы тармақшаның талаптарын бұзатын лауазымды адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған сәттен бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, осындай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымдарға ауыстырылуға жатады, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған кезде осы қызметкерлердің бірі лауазымнан босатылуға немесе басқару функцияларынан өзге де босатылуға жатады.

14-1. Кандидаттар лауазымға тағайындау туралы акт шығарылғанға дейін және олардың жұбайлары Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша және тәртіпте декларацияны табыс ету айының бірінші күніндегі жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынуға міндетті

Лауазымды адамдар мен олардың жұбайлары кірістер мен мүлік туралы декларацияларды ҚР салық заңнамасында көзделген нысан бойынша, тәртіпте және мерзімдерде табыс етеді.

Есепті күнтізбелік жыл ішінде ҚР салық заңнамасында айқындалған мүлікті сатып алған жағдайда лауазымды адамдар мен олардың жұбайлары кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы мәліметтерді көрсетеді.

Жариялануға жататын мәліметтер тізбесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

15. Қоғам қызметкерлері:

1) Қоғамның мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) жасауға қатысудан қалыс калуға;

2) айналасындағылар Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе жасауға қатысуға дайын деп түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан қалыс калуға;

3) тікелей басшыға қызметкердің мүдделер қатығысының туындау мүмкіндігі не туындағаны туралы хабарлауға міндетті.

Егер өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына немесе кез-келген басқа мінез-құлық нормаларына күмән туындаса, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қоғамның Комплаенс-қызметінің басшысына жүгіне алады.

7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл

жөніндегі шаралар кешені

16. Қоғам қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай аймақтар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;
- 2) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;
- 3) саяси қызметке қатысу;
- 4) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төлемдер;
- 5) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- 6) Қоғамның активтерді сатып алу және иеліктен шығару, бірігу және иемдену жөніндегі инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер және өзге де мәмілелер жасау;
- 7) персоналды басқару.

7.1. Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру

17. Қоғам үшінші тұлғаларды тартудан және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе Қоғам үшін іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан бас тартады.

18. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін Қоғамның үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті құрылымдық бөлімшелері:

1) сатып алу саласындағы Қоғамның тиісті ішкі құжаттарында белгіленген рәсімдерді сақтауға;

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне үшінші тұлғалар мен бірлескен кәсіпорындар бойынша әріптестердің мониторингін мынадай рәсімдерді (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) жүргізу жолымен жүзеге асыру:

- өзінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;

- іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;

- тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі, «Самұрық - Қазына АҚ және т. б.) сұрау жолдау арқылы жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақшалай қаражаттың, сондай-ақ банктің, олардан қылмыстық жолмен алынған қаражат жіберілетін юрисдикцияның бар-жоғын тексеру;

2) нысаны мен мазмұны осы Саясатқа 1-қосымшада келтірілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені жасалатын мәмілелерге енгізу керек. Қоғам өз тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда бірлескен кәсіпорындар бойынша үшінші тұлғалармен және серіктестермен мәмілелерді бұзу құқығына ие;

3) бірлескен кәсіпорындар бойынша үшінші тұлғалар мен әріптестерді осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етуге міндетті.

19. Қоғам үшінші тұлғалардың және бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын құптайды.

7.2 Сыйлықтар және өкілдік шығындар

20. Қоғам іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Қоғам іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын ынталандырады.

21. Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік шығыстарды, оның ішінде Қоғамның үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығын жүзеге асыру мынадай критерийлерге жауап беруі тиіс:

1) Өкілдік шығыстар мәселелері бойынша ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына, Қоғамның ішкі құжаттарына толық сәйкес келуге;

2) ақылға қонымды негізделген, пропорционалды болу, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылмау және ақша қаражатының өзге де түрлерін немесе баламаларын көрсетпеу, сондай-ақ сән-салтанат заты болып табылмау;

3) қызмет, іс-әрекет, әрекетсіздік, салғырттық, қамқоршылық, құқық беру, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т. б. туралы белгілі бір шешім қабылдау немесе алушыға өзге де заңсыз немесе этикаға жат мақсатпен ықпал ету әрекеті үшін жасырын сыйақы ұсынбауға;

4) Қоғам, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін іскерлік беделін жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін тәуекел тудырмауға тиіс.

22. Қоғам жүзеге асыратын сатып алулардың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым

салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған кезде Қоғамның лауазымды адамы немесе қызметкері Қоғамның тікелей басшысымен немесе Комплаенс-қызметінің басшысымен кеңесу керек.

23. Лауазымды адам мен оның отбасы мүшелері, материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, құқылы емес

Лауазымды адам және (немесе) оның отбасы мүшелері хабардар етілмей, олардың шотына келіп түскен акша, сондай-ақ ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұза отырып алған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы түсініктеме беріле отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Лауазымды адам және (немесе) оның отбасы мүшелері хабардар етілмей келіп түскен, сондай-ақ ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұза отырып алған сыйлықтар лауазымды адам сыйлықтың алынғаны күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде не лауазымды адамға сыйлық алғаны туралы белгілі болған күннен бастап мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге жатады, ал лауазымды адамға дәл сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтерге қызмет көрсетілген күннен бастап қызметтің көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке акша аудару арқылы ақы төленуге тиіс.

Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берген лауазымды адам жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес айқындалған құн бойынша сатып алуға құқылы.

7.3. Саяси қызметке қатысу

24. Қоғам жария лауазымды тұлғалардың немесе өзге де тұлғалардың Қоғам қызметін сақтауға немесе кеңейтуге әсер ететін шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама мақсатпен саяси қызметке қатыспайды.

25. Қоғам өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында

саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды дербес немесе өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлері арқылы жүзеге асырмайды.

26. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ мақсаты Қоғам үшін өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау болып табылмайтын Халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатысуға құқылы.

27. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысу кезінде Қоғам үшін өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында Қоғам атынан төлемдер ұсынуға, беруге, уәде беруге немесе жасауға, мүлік енгізуге, сыйлықтар беруге және т.б. тыйым салынады.

28. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қоғамдық бірлестіктерге қатысқаны үшін ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

7.4 Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төлемдер

29. Қоғам өз бетінше немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар үшін, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдар үшін, олардың жақын туыстарына Қоғам үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында кез келген шығыстарды төлеуді, оның ішінде көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-кампаниялар және т.б. шығындарды немесе олардың Қоғам есебінен басқа пайда алуын жүзеге асырмайды.

30. Ақпарат пен мөлшері ашық қолжетімді мемлекеттік қызметтер үшін ресми алымдарды қоспағанда, Қоғам формальдылықты оңайлатқаны үшін тікелей немесе өзінің агенттері арқылы сыйақыны төлеуді жүзеге асырмайды.

31. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

7.5 Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

32. Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқығы жоқ.

33. Қоғам лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

7.6. Қоғамның активтерді сатып алу және иеліктен шығару, бірігу және иемдену жөніндегі инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер және өзге де мәмілелер жасау

34. Қоғам инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасын, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

35. Активтерді сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі мәмілелерді, бірігу және иемдену мәмілелерін жоспарлау, осы мәмілелердің орындылығы туралы алдын ала шешім қабылдау кезінде Қоғам объектінің қызметіне кешенді тексеру, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің болу белгілерін анықтау мақсатында мәмілеге дейінгі/кейінгі сенімділікті тексеруді жүргізеді. Осы тексерудің нәтижелерін Қоғамның Басқармасы/Директорлар кеңесі болжамды мәмілені жүзеге асыру туралы түпкілікті шешім қабылдаған кезде қарайды.

36. Егер тексеру нәтижелері бойынша мәміле аяқталғаннан кейін Қоғам сатып алатын сыбайлас жемқорлық тәуекелі және онымен байланысты Қоғам үшін әлеуетті экономикалық және беделдік залал мәміледен экономикалық пайдадан асып кеткен жағдайда, мұндай мәмілені жасау туралы шешімді Қоғамның Басқармасы/Директорлар кеңесі қабылдайды.

37. Сатып алынатын активтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейіне қарамастан, Қоғамның басқармасы/Директорлар кеңесі мәмілені жүзеге асыру туралы тиісті шешім қабылдағаннан кейін, Қоғам сатып алынатын активте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, Қоғамда қабылданғанға ұқсас рәсімдер мен мінез-құлық стандарттарын енгізу бойынша барлық орынды шараларды қабылдайды.

7.7. Персоналды басқару

38. Қоғам кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналдарды жалдау, бағалау, жылжыту және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Қоғам:

1) персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіпте әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін негізге ала отырып, жоғары тұрған лауазымға жылжыту туралы шешім қабылдайды;

5) ҚР заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген негіздер

бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

39. Лауазымды адамдар Қоғаммен жұмысқа қабылдау немесе еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны бойынша өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды, оларды Қоғамның персоналды басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі жазбаша нысанда тіркейді

40. Қоғамның лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан босатуға әкеп соғады, оларды сақтамау қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері мен әкімшілік құқық бұзушылық болмаса өкілеттігін тоқтату үшін негіз болып табылады.

40-1. Қоғамға жұмысқа орналасу кезінде кандидаттар осы Саясаттың 6-бөлімінің 14-1-тармағында көзделген декларацияны, сондай-ақ Қоғамда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары туралы мәліметтерді ұсынады.

Үміткерлердің активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынбауы немесе мұндай декларацияларда толық емес, анық емес мәліметтерді ұсынуы, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, оларды тағайындау туралы акт шығарудан бас тартуға негіз болып табылады.

7.8. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу

41. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Қоғам мүдделер қақтығысымен байланысты тәуекелдердің іске асырылуының алдын алуға және оларды реттеуге көп назар аударады.

42. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қоғамның мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Қоғамның мүдделеріне қайшы келетін ахуалдар немесе жағдайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) туындаған жағдайда Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы ақпаратты Қоғамның тікелей басшысының немесе Комплаенс - қызметінің назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

43. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Бас директоры лауазымды адамдар мен қызметкерлердің өтініштері бойынша немесе басқа дереккөздерден ақпарат алған кезде Қоғамдағы мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі Саясатқа сәйкес тиісті ден қою шараларын уақытылы қабылдауға міндетті.

44. Қоғам міндетті түрде үлестес тұлғаларды есепке алуды, сондай-ақ

ҚР Заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғам инсайдерлерінің тізімін жүргізуді жүзеге асырады.

7.9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау

45. Қоғам жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді, бағалауды жүргізеді, сондай-ақ оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді.

46. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, Қоғамның пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау ықтималдығы жоғары Қоғам қызметінің түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

47. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

48. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды, бірақ төмендегілермен шектелмейді:

1) сыбайлас жемқорлықты (сыбайлас жемқорлық факторларын) көрсету үшін себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің болуы тұрғысынан бекітуге шығарылатын Қоғамның негізгі ішкі құжаттарына және олардың жобаларына комплаенс-сараптама жүргізу және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) Өзінің ішкі құжаттарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгертін талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында Қоғамның қызметіне ықпал ететін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сондай-ақ шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мониторингі;

3) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің статистикасын зерделеу;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдардың мониторингі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің қызметі болып табылады және мыналарды қамтиды:

1) іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындауы ықтимал бизнес-процестің «сыни нүктелерін» анықтау;

2) мыналарды қамтитын сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде Қоғам немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері алуы мүмкін пайда немесе артықшылық сипаттамасы;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін «негізгі» болып табылатын Қоғамдағы лауазымдар;

- сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асырудың ықтимал нысандары;
3) ішкі бақылау рәсімдерінің болуын немесе болмауын айқындау, қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

49. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданды және әрбір жағдайда Қоғам ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

7.10 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

50. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлейді, олардың мақсаты қызметтің жекелеген саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

51. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу міндеттері:

1) Қоғамда жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болғызбау.

52. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

53. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заңнаманың, «Қазавиақұтқару» АҚ әдеп және мінез-құлық кодексінің, осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттардың қағидаттары мен нормаларын ақпараттандыру және түсіндіру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

54. Қоғам оның барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға белсенді қатысуын құптайды.

7.11 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар

55. Егер Қоғамның лауазымды адамы немесе қызметкері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы Қоғамда қандай да бір айғақ болса, ол туралы ақпарат Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған «жедел желіге» не өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына және (немесе) Комплаенс-қызмет басшысына дереу хабарлануы

кажет.

56. Хабарламаларды беру тәртібі, оларды қарау рәсімі және өзге де ережелер «Қазавиақұтқару»АҚ Күпия ақпараттандыру саясатында баяндалған.

7.12 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеу

57. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен қисынды мерзімде тексеру не қызметтік тергеу жүргізіледі.

58. Егер қызметтік тергеу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, түзету шараларын қабылдау, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру тергеудің аяқталуы болып есептеледі.

7.13 Өзара ынтымақтастық

59. Қоғам өзара іс-қимыл қағидаты негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қауымдастырылған және үшінші тұлғалармен мынадай мақсатта ынтымақтасады:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы хабардар ету;

2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу жүргізу кезінде жәрдемдесу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шараларды әзірлеу мәселелері бойынша Қоғам қызметіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша түсініктемелер беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

7.14 Жауаптылық

60. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ҚР заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

61. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Қоғамның лауазымды адамдары мен

қызметкерлері ҚР сотының заңды күшіне енген шешімінсіз, Қоғамға материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

62. Осы Саясат талаптарының орындалуына Қоғамның лауазымды адамдары, қызметкерлері және құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шеңберінде жауапты болады.

66. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Саясатқа 3-қосымшада көзделген нысан бойынша осы Саясатты адал ұстануға өзінің міндеттемесін растауға міндетті.

67. Қоғамның лауазымды адамдары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

68. Қоғамның персоналды басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі лауазымды адамдардың осы Саясатта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерін жазбаша нысанда тіркеуге, сондай-ақ лауазымды адамдар мен олардың жұбайларының декларацияларында көрсетілген мәліметтерді Қоғамның корпоративтік веб-сайтында уақытылы орналастыруына жауапты болады.

69. Лауазымды адамдар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынбағаны немесе егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, мұндай декларацияларда толық емес, анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапты болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің нысаны мен мазмұны

1. «Қазавиақұтқару» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Шарттың екінші тарапына «Қазавиақұтқару» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі - Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабарлайды. Екінші Тарап шарт жасасу арқылы Қоғамның саясатымен танысқандығын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық пара беру немесе Тараптар қызметкерінің өзінің қызметтік жағдайын Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы ақша, құндылықтар, сыйлықтар және мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы өзге де мүлік немесе көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар алу не басқа жеке тұлғалардың аталған адамға мұндай пайданы заңсыз беруі және Қазақстан Республикасының не Тараптардың болу және/немесе бизнесті жүргізу елінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) жатады.

3. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауына байланысты екінші Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпаратты не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпаратты алған кезде) мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда тиісті фактілерді көрсете отырып хабарлауға міндеттенеді (бұдан әрі – хабарлама) және басқа Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алмағанын немесе орын алуы мүмкін еместігін растауды алғанға дейін шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген растауды екінші Тарап хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде беруге тиіс.

4. Қоғам сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелерін сақтаған кезде екінші Тарапқа

тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, шартты орындаудан біржақты тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

5. Шарттың екінші тарапынан Шарттың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған кезде Шарттың екінші тарабы Қоғамды кез келген ыңғайлы тәсілмен, оның ішінде «жедел желі», Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған байланыс ақпараты арқылы дереу хабардар етуге міндеттенеді.

Осы нысанды ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және «Қазавиақұтқару» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдағаныңызды растау үшін пайдаланыңыз.

Толтырылған және қол қойылған растау нысаны Қоғамдағы еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқарған күннен бастап Қоғамның лауазымды адамдарының жеке ісінде сақталады.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы
келісім нысаны**

Мен, _____,
(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Қазавиақұтқару» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында өзіме сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаймын:

- 1) өз функцияларын орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарыммен, жұбайыммен және жекжаттарыммен бірге қызмет етуге (жұмыс істеуге) жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға
- 4) Мен және менің отбасымның мүшелері материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер менің қызметтік өкілеттігіме кірсе немесе мен өзімнің лауазымдық жағдайыма байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау.

қолы, ТАӘ, лауазымы

«Қазавиақұтқару»
акционерлік қоғамындағы
сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл
саясатына 3-қосымша

Осы нысанды ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және «Қазавиақұтқару» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдағаныңызды растау үшін пайдаланыңыз.

Толтырылған және қол қойылған растау нысаны Қоғамдағы еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқарған күннен бастап Қоғамның лауазымды адамдарының жеке ісінде сақталады.

Растаймын

Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз:

- ☐ «Қазавиақұтқару» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын зерделегенімді растаймын;
- ☐ Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, «Қазавиақұтқару» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;
- ☐ Маған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «Қазавиақұтқару» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда менің жауапкершілікке тартылатыным, оның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын қызметімнен босатылатыным туралы хабарланды.

Осы жерге қол қойыңыз

колы, ТАӘ, лауазымы